

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңестің

Хаттамасы № 1

01.09.2021 жыл

Қатысқандар – бөбекжай-
балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту туралы.
2. Баяндама: Елімізде болып жатқан жағдайға байланысты сақтық шараларын сақтау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова балабақшаның жылдық жоспарын, жылдық оқу жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту жөнінде тоқталып өтті. Балабақшадағы қажеттіліктерге байланысты «Денсаулық» білім беру саласы : Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтынының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту. Балабақша ішлік әртүрлі мерзімде жобалар жоспарлау арқылы, түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары арқылы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпал ету Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде қашықтан оқыту технологиялары арқылы үй жағдайында ата аналарға тәрбиеленушілерге арналған материалдар ұсыну арқылы санитарлық талаптарды орындауды, сақтауды ұйымдастыру «Қатынас» білім беру саласы Қоғамдық ортада инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, балаларды ауызша қарым-қатынас жасауға, диалог құру дағдыларын қалыптастыру. Фонематикалық қабылдау дағдыларын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, көркем шығармаларды түсініп, эмоционалды қабылдай білуге үйрету және де балаларды мектепке баруға даярлау жоспарлануда. Байқағандарыңыздай «Қатынас» білім беру саласын қайталап алудамыз, қазіргі кездегі балалардың тілінің дамуы өте баяу және байланыстырып сөйлеу дағдыларының қалыптасуын жалғастырсақ деп шешім қабылдадық. Алдағы 2021-2022 оқу жылында оқу –тәрбие үдерісі Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық жүктеме саны

сақталып, ұйымдастырылған оқу қызметін кіріктірілген түрде өткізіледі. Перспективалық жоспар, циклограмма өтпелі тақырыпқа сай өткізіледі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ұ.Кулбаева елімізде болып жатқан жағдайға байланысты сақтық шараларын сақтау тақырыбында баяндамамен таныстырып шықты. Баяндама барысында барынша сақтық шараларды қолдануды ұсынды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспар, үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі оқу тәрбие үдерісін жүйелі, жауапкершілікпен жүргізуді қадағалауды өзіме қалдырамын

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Хаттамасы № 2

10.11. 2021 жыл

Қатысқандар – бөбекжай

балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
2. Баяндама: Үздік денсаулық сақтау ісі және дені сау бала.
3. Баяндама: Онлайн форматта «Zoom», «WhatsApp», «Facebook» платформа арқылы өзара тәрбиеленушілермен қашықтықтан диалог құру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Жалпы жаңа оқу жылы 2021-2022 оқу жылы арналған «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №6 хаттамасының шешімімен ұсынылған Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хат 2021-2022 оқу жылында меншік түрі мен нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтеріне тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып, тиынақты, жүйелі жұмыс жүргізуге міндеттіміз.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ұ. Кулбаева барлық топтың тазалығы сақталып, балалардың денсаулығына жете көңіл бөлінсін. Күнделікті топ бөлмелерін хлор сумен тазаланып кварц қойылатындылығы жайында айтып өтті.

Күн тәртібіндегі үш мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Турдидіасва тәрбиеленушілермен жиі диалог құрып әлеумет желісі арқылы байланыста болу керектілігі айтылды. Тәрбиеленушілер ешқандайда ұйымдастырылған оқу қызметінен шет қалмауы керектілігі, барынша тиянақты жұмыс жасалсын.

Жиналыс қаулы етеді:

1. 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспар, үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі оқу тәрбие үдерісін жүйелі, жауапкершілікпен жүргізуді қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Хаттамасы № 3

07.02. 2022 жыл

Қатысқандар – бөбекжай
балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Бақылау мен басшылық. Жан-жақты тесеру қорытындысы (жарты жылдық мониторинг қорытындысы)
3. Әңгіме жүргізу ; Баланы ар- ұятқа, өзін және қоршаған ортаны сыйлауға тәрбиелеу.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова онлайн форматта «Zoom», «WhatsApp», «Facebook» платформа арқылы өзара тәрбиеленушілермен қашықтықтан диалог құру қолға алынып жақсы жұмыстар жүргізіліп жатқандығын айтып өтті. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында түрлі іс- шаралар жүргізіліп, жұмыстар жасалынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева I –жарты жылдықта жасалған жұмыстардың мәліметін сұрап, ұйымдастырылған іс- әрекеттерге талдау жасалынды. Қаңтар айының 05-15 аралығында барлық топ тәрбиешілері өздерінің топтарындағы тәрбиеленушілерге мониторинг жүргізді. Мониторинг қорытындысы бойынша балалардың үлгерімділік деңгейі жақсы дәрежеде екенділігі көрсетілді. Топ тәрбиешісі А. Мұсабекова -тәрбиеленушілер ертегі мазмұнының бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтып шығып, кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлеп жеткізе білді. Көркем шығармаға қызығушылықтары қатты ұнады. Мен өзіме тәрбиешінің ойын түрінде ұйымдастырған әдіс-тәсілдерін алар едім, балалар жалықпай, қызығушылығы арта түсті. Ақпараттық коммуникативтік технологиялар қолданды. Ертегі желісін көріп, кейіпкерлерге өз ойларын білдірді. Әдіскер Ж.Нурдилдаева - балалар берілген мәтіннің басталуына қарай соңын құрастыра білді. Өзара қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізіп, жылжымалы театр түрі ұнаған сияқты балаларға. Жалпы мектепке

депінгі тәрбие мен оқыудың маманымыз, сол үшін өз міндеттерімізді адал, дұрыс атқару әрбір педагогтың міндеті. Өткен кеңестерде заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен педагогке қажетті материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілді, ұсынылды. Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы, балалар іс-әрекетінің түрлері: ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу қарастырылады. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттер бойынша барлық топ тәрбиешілері жоғары деңгейде ұйымдастырып, тәрбиеленушілерді қызықтыра білді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г. Исахова «Баланы ар-ұятқа, өзін және қоршаған ортаны сыйлауға тәрбиелеу» тақырыбында дөңгелек үстел жүргізді. Әңгімелесу жүргізудегі негізгі мақсат – балаларға адамгершілік, ар-ұят және қоршаған ортаны сыйлауда құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай тұлғаны қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал, адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік- адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрініс болып табылады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге көрнекіліктер көбейтілсін.

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Хаттамасы № 4

01.03. 2022 жыл

Қатысқандар – бөбекжай
балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Ана- өмірдің гүлі, Наурыз мерекелерінің сценарилерін оқу ,танысу, бекіту.
3. Балалардың танымдық іс- әрекетін жандандыру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова Балабақша өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде тоқталып өтті- қай кезең, қай дәуірде болсын адамға білім мен тәрбие беруден асқан мұрат жоқ. Ұстаз – ұрпақ тәрбиелеп өсіруші, қоғам сенген адам. Ұстаздық қызметтің қыры мен сыры мол. Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс–тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады. Аманатқа қиянат жоқ, оған жол бере алмаймыз, балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ізденейік деді. Өткен кеңестің қорытындысы бойынша тәрбиешілер көрнекіліктерін көбейтіп, дамытушы орта арттырылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева іс- шара жоспарларын бекіту керектілігі айтты, Тәрбиеші С. Табакабылова "8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне" орай "АНА - ӨМІРДІҢ ГҮЛІ" тақырыбында іс шара өткізіледі. Мақсаты: Отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың өмірі, АНА еңбегін қадірлеп үмітін ақтауға, "Ана" есімін ардақтап қадірлеуге, сыйлауға баулу. Іс шара барысында балалар аналарына өлең-жырдан арнау арнап, ән айтып, би билеп өнерлерін көрсетті. Ата-анамен де қызықты ойындар ойнатылды. Соңында ата-аналар балаларға рақметтерін айтып, жүрекжарды тілектерін

олдырады. Таурыз мерекесіне бран ұлттық құндылықтарды дәріптеп отырып, ұлттық ойындар ойнатылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ж. Тлеубергенова Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті педагогикалық-психологиялық құбылыс ретінде анықтау мектепалды даярлық кезеңінде балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Танымдылық белсендік баланың психологиялық-денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психологиялық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау ерекшеліктері анықтайды. «Ойын-бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы» дегендей, ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызының жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазады: «Бала ойында қалай болса, кейін өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады». Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері – ол балалардың қоршаған ортаны, адамдардың қимылын, іс-әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Бала – ешқашан үнсіз ойнамайды, ол жүреді, сөйлейді, ыңылдайды, секіреді, орын барысында сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алады, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар болып табылады: ойынның түпкі ниеті, сюжеті немесе мазмұны, ойын әрекеттері, рольдер, ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ұсынатын ойын ережесі. Әр ойыннан кейін баланың көңіл күйін қадағалап отыру керек. Оларға ойын кезінде өз ұстанымына, мінез-құлқына мән беруіміз қажет. Әрине ойыннан кейін әр балаға ойын ойнау барысындағы іс-әрекеттерін, жеке қасиетіне назар аударып, мінезіндегі өзгерістерді бағалап отырамыз. Еңбек сүйгіштігі, ойын кезіндегі ұйымдастырушылығын, ойлау барысын, ойын ойнау белсенділігін зерттейміз

Жиналыс қаулы етеді:

1. Танымдық іс-әрекеттер көбейтілсін.

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова

**Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин»
бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**

**Педагогикалық кеңестің
№ 5 хаттамасы**

Көксу ауылы

23. 05. 2022ж

Бөбекжай-балабақша педагогтары

Күн тәртібінде:

Тақырыбы:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беруі
3. Қорытынды мониторинг туралы
4. Жазғы сауықтыру жұмысын бекіттіру.

Ашық сабақтарды талқылау

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе өткен кеңестердің шешімі бойынша бөбекжай балабақша директоры Б. Сеилова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңесте қаралған мәселелер бойынша жұмыс жүргізіліп жатқаны туралы айтты. Өткен пед кеңесінің шешімдерінің орындалуына тоқталатын болсақ балалардың ой-санасына ықпал ететін ойындарды жұмыс барысында ендіру жұмыстары жүргізіліп жатыр әсіресе алдымыз жаз мезгілі балалар таза ауада көп уақыт өткізеді. Түрлі жаттығу, серуендер көптеп жоспарланып, іске асырылады. айтылған ұсыныстар ескеріліп тиісті жұмыстар атқарылуда деген ойдамын.

- 2.Тыңдалды: Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай балабақшаның директоры Б. Сеилова тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына берген есебі туралы айтып өтті. Педагогтар мен тәрбиешілердің барлық шығармашылық жұмыстары тыңдалып, қанағаттанарлық деп танылды.

3. Тыңдалды: Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Ж.Нурдилдаева қорытынды мониторинг нәтижесі туралы айтып өтті. Әрбір жас тобында балалардың жетістіктері объективті қадағалауға мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге педагогтердің түзету іс шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейінің айқындауға мүмкіндік

беретін монит оринг қорытындысы жүргізілді. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері орташа деңгейде болды. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың спорттық ойындардың элементтерін білуі, спорттық жаттығуларды орындау техникасын меңгеруі, орташа таңертеңгілік гимнастикаға дейін қызығушылығы бар екендігі байқалды. Балалардың көшеде, қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс тұрыс ережелері туралы білім орташа деңгейде қалыптасқан. «Коммуникативтік» білім беру дағдысын өткізу кезінде оқу жылы ішінде әрбір бөлім бойынша, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілілік оқытудың бағдарламасының талаптарына сәйкес коммуникативтік-тілдік дағдаларды қалыптастыру міндеттері жоспарлы түрде шешілді. Мониторинг нәтижелерпі бойынша «Таным» дағдысы оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жақсы кұрады. «Шығармашылық» дағдысы көрсеткіші жақсы. Балалар түстерді айырады, кеңістікті бағдарлай отырып сурет салады. Қолдың ұсақ маторикасын дамыту жұмыстары тиісті дәрежеде жүргізілуде. Әсіресе ересек топтарда «Әлеумет» дағдысы бойыншада ортадан жоғары көрсеткіші жоғары.

4. Тыңдалды: Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту туралы балабақша меңгерушісі Б. Сеилова айтып өтті. Жазғы сауықтыру іс шара жоспары кұрылып жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс қаулы етед:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға берген есептері қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Қорытынды мониторинг нәтижесіне сүйене отырып, түзету жұмыстары жүргізілсін.
4. Жазғы маусымдағы іс шаралар жоспар бойынша жүргізілсін.

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова